

2016 жылы әскерге шақыру учаскесіне тіркеуден өткізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының әкімінің 2015 жылғы 10 қарашадағы № 5 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 11 желтоқсанда № 4635 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Мәртөк ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2016 жылдың қаңтарынан бастап наурызына дейінгі кезеңде "Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің әскерге шақыру учаскесіне тіркеу жылы он жеті жасқа толатын 1999 жылы туған Қазақстан Республикасының ер жынысты азаматтарын, сонымен қатар, бұрын тіркеуден өтпеген, Мәртөк ауданының аумағында тұрақты немесе уақытша тұратын ересек жастағы азаматтарын тіркеуден өткізу ұйымдастырылсын және қамтамасыз етілсін.

2. "Ақтөбе облысы Мәртөк ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы азаматтардың әскерге шақыру учаскесіне тіркелуін ұйымшылдықпен жүргізуді қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын, тіркеу қортындысы туралы 2016 жылдың 11 сәуіріне дейін аудан әкіміне хабарласын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б. Күзембаеваға жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Н. Қалауов